



КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындарға
жүргізілген пікіртерім нәтижесі

2025 жылғы II тоқсан




Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша-кредит саясаты департаменті

МАЗМҰНЫ

- I. Мониторингке қатысушылар құрамының динамикасы (3-бет)
- II. Дайын өнімге сұраныс динамикасы (4-бет)
- III. Нақты секторда бағаның өзгеруі (5-бет)
- IV. Өндіріс көлемі (6-бет)
- V. Баланс құрылымы: активтер (7-бет)
- VI. Баланс құрылымы: пассивтер (8-бет)
- VII. Инвестициялық белсенділік (9-бет)
- VIII. Айналым қаражатын қаржыландыру көздері (10-бет)
- IX. Бизнес жүргізудегі кедергілер (11-бет)
- X. Қаржы-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (12-бет)
- XI. Геосаясаттың әсері мен салдары (13-бет)
- XII. Кәсіпорындардың қаржылық жағдайын бағалау (14-15 бет)
- XIII. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына әсері (16-18 бет)
- XIV. Кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметі (19-бет)
- XV. Валюта бағамы өзгеруінің әсері (20-бет)
- XVI. Композиттік озыңқы индикатор (21-бет)
- XVII. Әдіснамалық түсіндірме (22-бет)


МОНИТОРИНГКЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2025 жылдың 2-тоқсанындағы іріктеменің өңірлік құрамы




2025 жылдың 1-тоқсанында респонденттер саны өткен тоқсанмен салыстырғанда 4 кәсіпорынға ұлғайып, **3454** болды.

Мониторингке қатысушылардың өлшем құрамы



Мониторингке қатысушылардың салалық құрамы




ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ДИНАМИКАСЫ

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

	2023				2024				2025		
	I-тоқ.	II-тоқ.	III-тоқ.	IV-тоқ.	I-тоқ.	II-тоқ.	III-тоқ.	IV-тоқ.	I-тоқ.	II-тоқ.	III-тоқ*
Кәсіпорындардың жауабы%											
Ұлғаюы	17,0	22,5	21,6	20,2	14,1	21,1	21,6	21,4	16,0	18,4	16,5
Шамамен өзгеріссіз	54,5	55,7	57,3	56,4	58,8	58,9	59,5	56,5	56,7	42,4	44,0
Төмендеуі	23,9	17,5	17,0	19,2	22,7	15,9	15,2	17,7	22,6	8,9	7,9
Білмеймін	4,6	4,3	4,1	4,2	4,3	4,2	3,8	4,4	4,8	30,3	31,6
Диффузиялық индекс = 1-жол+0,5*(2-жол+4-жол)	46,5	52,5	52,3	50,5	45,7	52,6	53,2	51,8	46,7	54,8	54,3
ДИ, маусымдық өзгерістерді қоспағанда	52,1	50,8	49,8	49,6	50,9	50,9	50,7	51,0	51,9	53,0	51,8

4,9




2025 жылғы 2-тоқсанда дайын өнімге сұраныс біршама баяулады. Диффузиялық индекс (бұдан әрі – ДИ) 51,0 % болды. Көрсеткіштің бәсеңдеуі тауар өндіру секторында (ДИ – 51,9), сондай-ақ қызмет көрсету секторында (ДИ – 50,1) байқалды.


Кәсіпорындардың күтулері бойынша 2025 жылғы 3-тоқсанда өндіріс пен қызмет көрсету секторында сұраныстың өсу қарқыны жеделдейді (ДИ=51,9 және ДИ=51,7), экономика бойынша сұраныстың ДИ – 51,8 болады.

НАҚТЫ СЕКТОРДА БАҒАНЫҢ ӨЗГЕРУІ

Дайын өнімнің бағасы, ДИ*



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ*



Баға белгілеу факторларының маңыздылығын бағалау, жауаптар %-бен



2025 жылғы 2-тоқсанда жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың дайын өнімі бағасының өсу қарқыны баяулады (ДИ 59,4 болды), ал шикізат пен материалдар бағасы өзгерген жоқ (ДИ – 73,0). Кәсіпорындардың басым бөлігі үшін дайын өнімге баға белгілеу кезінде шикізат пен материалдар бағасы (кәсіпорындардың 78,1 %-ы үшін) және сұраныс (75,3 %) мейлінше маңызды фактор саналады.

2025 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындар дайын өнімнің (ДИ = 56,7) және шикізат пен материалдар бағасының (ДИ = 65,9) өсу қарқыны баяулайды деп күтеді.


*ДИ 50 деңгейінен қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), ДИ=50 деңгейі өзгерістің жоқ екенін көрсетеді

**Графиктерде кәсіпорындардың 2025 жылғы 3-тоқсанда параметрдің өзгеруі бойынша күтулері келтірілген

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ

Өндірістік қуат жүктемесі

(кәсіпорындар үлесі %)




2025 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың өндірістік қуатының жүктемесі (ӨҚЖ) 2025 жылғы 1-тоқсандағы деңгейден төмен қалыптасты. ӨҚЖ орташа алынған* деңгейі – **51,7%**.

2025 жылғы 2-тоқсанда дайын өнімді (жұмыс, қызмет) өндіру көлемі өзгерген жоқ. ДИ **51,2** болды.

2025 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындар өндіріс көлемі өседі деп күтеді. Күтулер бойынша ДИ **51,8** болды.

Өндіріс көлеміндегі өзгерістің ДИ, ДИ**




Орташа арифметикалық мөлшерлеу – бұл кәсіпорындар үлесі бойынша мөлшерленген аралықтың орташа мәні.

** ДИ 50 деңгейінен қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), ДИ=50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді


*** Диаграммада берілген ӨҚЖ және «ДИ өндіріс көлемінің өзгеруі» маусымдық факторды қоспай ұсынылды

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР


Активтер құрылымы



Қысқамерзімді активтер құрылымы



Активтер айналымдылығының көрсеткіші



2025 жылғы 2-тоқсанда экономиканың нақты секторындағы компаниялар активтерінің құрылымында қысқамерзімді және ұзақмерзімді активтердің үлесі өзгермей, **36,9%** және **63,1%** болды (2025 жылғы 1-тоқсанда – тиісінше 36,9% және 63,1%). Активтердің айналымдылығы* **16,0%-ға**, айналым қаражатының айналымдылығы** **43,5%-ға** дейін артты.


Қысқамерзімді активтердің құрылымында өткен тоқсанда дебиторлық берешектің үлесі **34,2%-ға** дейін төмендеді (2025 жылғы 1-тоқсанда – 35,0%), ал қорлардың үлесі 20,8% деңгейіне дейін аздап ұлғайды (2025 жылғы 1-тоқсанда 20,2%).

* Активтер айналымдылығы= Өнімді сатудан кіріс/ Активтер*100


** Айналым қаражатының айналымдылығы= Өнімді сатудан кіріс/ қысқамерзімді активтер*100

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР


Пассивтер құрылымы




Ұзақмерзімді міндеттемелер құрылымы



Қысқамерзімді міндеттемелер құрылымы



Мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі




2025 жылғы 2-тоқсанда пассивтер құрылымында қысқамерзімді міндеттемелер үлесі **28,5%**-ға дейін өскені байқалады, ұзақмерзімді міндеттемелер үлесі біршама төмендеді (**24,8%**), меншікті капитал **46,7%**-ға дейін төмендеді. Қысқамерзімді міндеттемелер құрылымында қысқамерзімді кредиторлық берешектің үлесі 2025 жылғы 1-тоқсандағы 45,2%-дан 2025 жылғы 2-тоқсанда 42,8%-ға дейін төмендеді.


Теңгерімінде мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі біршама төмендеді: теңгерімінде мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі – **23,5%**-ға дейін, кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі – **19,8%**-ға дейін, банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі – **5,0%** дейін.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Негізгі қаражатты қаржыландыру көздері



Айналым қаражаттың қаржыландыру көздері




Кәсіпорындардың көбі негізгі және айналым қаражаттың қаржыландыру үшін меншікті қаражаттың (тиісінше 73,3% және 89,9%) пайдаланады.

Бұл ретте, негізгі қаражаттың банктердің қарыздары есебінен қаржыландырылған кәсіпорындардың үлесі 8,0%-ға дейін біршама ұлғайды және айналым қаражаттың қаржыландырылған кәсіпорындардың үлесі 17,7%-ға дейін азайды.

Негізгі және айналым қаражаттың қаржыландыруды жүзеге асырмаған кәсіпорындардың үлесі тиісінше 35,0%-ға және 19,6%-ға дейін төмендеді.

АЙНАЛЫМ ҚАРАЖАТЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ


Айналым қаражатын қаржыландыру көздері



Айналым қаражатын қаржыландыру үшін кәсіпорындардың көбі (**89,9%**) меншікті қаражатын пайдаланды, оның **46,7%-ы** пайданы және **43,2%-ы** акционерлердің/қатысушылардың меншікті қаражатын құрады. Осы мақсаттағы қарыздарды кәсіпорындардың **17,6%-ы** пайдаланды (оның 8,3%-ы бұрын ашылған кредит желісі бойынша траншты, 9,3%-ы банктердегі және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардағы қарыздарды пайдаланды).

Графикте көрсетілгеннен басқа өзге қаржыландыру көздері арасында кәсіпорындар сатып алушылардан аванстарды, қаржылай көмекті, топ ішіндегі (негізгі компания мен филиалдар арасындағы) қарыздарды және субсидияларды көрсетеді.

Кедергілерді атаған кәсіпорындардың үлесі




2025 жылғы 2-тоқсанда жүргізілген пікіртерімдердің нәтижесі бойынша кәсіпорындардың 31,7%-ы үшін реттеушілік кедергілер - салық жүктемесінің деңгейі, сондай-ақ экономиканың жай-күйі (31,3% үшін) және бәсекелестік деңгейі (30,1% үшін) бизнес жүргізудегі негізгі кедергі саналады (2025 жылғы 1-тоқсанда мұндай кәсіпорындардың үлесі тиісінше 31,4%, 29,9% және 29,8% болды).

Кәсіпорындар үшін білікті кадрлардың жетіспеушілігі (27,0%), сатып алушыларды іздестіру (24,8%), лицензия/рұқсатнама алу қиындығы (18,4%) сияқты факторлар маңызды саналады, бұл ретте қаржыландыруға қол жеткізу (13,4%) маңыздылығы 9-орында тұр. Кәсіпорындар басқа кедергілер ретінде табиғи апаттарды, қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемелерді, әлемдегі геосаяси ахуалды көрсетті.

2025 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының орташа* сату рентабельділігі** өсіп, **40,5%** болды. Өңдеу өнеркәсібіндегі көрсеткіш **24,7%** болды. Жалпы экономика бойынша орташа сату рентабельділігі **25,2%-ға дейін артты**.

Жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі **44,1%** болды, кәсіпорындардың **9,4%-ы** жыл шығынмен аяқталады деп есептейді. Бұл ретте пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың **14,2%-ы** жылды теңгерімді бюджетпен (пайдасыз және зиянсыз) жабуды ойлайды, қалған **32,3%-ы** кәсіпорынның жыл соңындағы қаржылық жағдайына баға бере алмады.

Сату рентабельділігі*, %-бен



Қаржы жылын пайдамен/шығынмен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі, %



**Мәндер берілген, себебі орташа арифметикалық мәндерге қарағанда оларға экстремалды шығарындылардың әсері аз болады

** Пайыздарды, салықтарды және амортизацияны төлеу бойынша шығыс шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі көрсетілген


Геосаяси ахуалдың және РФ-ға қарсы енгізілген санкциялардың кәсіпорындар қызметіне әсері, %-бен



2025 жылғы 2-тоқсанда геосаяси ахуал мен РФ-ға қатысты енгізілген санкциялар кәсіпорындардың 41,8%-на (2025 жылғы 1-тоқсанда – 43,1%) қызметіне теріс әсер етті, одан кәсіпорындардың 7,7%-ы едәуір зардап шекті. Кәсіпорындардың 53,3%-на геосаясат ешқандай әсер еткен жоқ, ал респонденттердің 4,9%-ы оң әсерін атап көрсетті.

2025 жылғы 2-тоқсанда Қазақстан теңгесі басқа валюталарға қатысты тым әлсіз екенін көрсеткен кәсіпорындар саны ұлғайды және ақшамен есеп-айырысудағы проблемаларды, сондай-ақ жағдайдың белгісіздігіне және логистикамен проблемаларға байланысты шешім қабылдау қиындығын көрсеткен кәсіпорындардың саны төмендеді.

Геосаяси ахуалдың кәсіпорындар қызметіне әсер ету салдары, %-бен




КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Кәсіпорындардың қаржылық жағдайының өзгеру динамикасы*, үлесі %-бен



2025 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындарды көлемі бойынша, сенімділік дәрежесі бойынша бөлу, үлесі %-бен




Кәсіпорындардың қаржылық коэффициенттерін бағалауға негізделген дискриминанттық талдау нәтижелері бойынша 2025 жылғы 2-тоқсанда орнықты кәсіпорындардың үлесі **16,1%-ға** дейін ұлғайды, қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі біршама төмендеп, **31,3%** болды.

Егер көлемі жағынан қарайтын болсақ, шағын кәсіпорындар арасында қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі орта (22,2%) және ірі (17,2%) кәсіпорындармен салыстырғанда айтарлықтай көп (**38,9%**).

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

2025 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындарды қызмет түрлері бойынша сенімділік дәрежесі бойынша бөлу*, үлесі %-бен



2025 жылғы 2-тоқсанда барлық салада кәсіпорындардың басым көпшілігінің қаржылық жағдайы орнықты немесе қалыпты болды. Құрылыс саласындағы орнықты кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек (**34,9%**), ал саудада және жылжымайтын мүлікпен операцияларда қаржылық жағдайы күрделі кәсіпорындардың үлесі басқаларға қарағанда көбірек (тиісінше **40,6% және 39,7%**). Сумен және электрмен жабдықтау ең тұрақты сала болып қалады, мұнда қаржылық жағдайы қалыпты әрі орнықты кәсіпорындардың үлесі басқалардан жоғары.


БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ НАҚТЫ СЕКТОРҒА ЫҚПАЛЫ

Кредитке сұраныс

Банктердің кәсіпорындардың кредит алуға берген өтініштерін қарауы



Кредит алуға өтініш берген, бірақ алмаған кәсіпорындар, үлесі %-бен



2025 жылғы 2-тоқсанда кредит алуға өтініш берген кәсіпорындардың үлесі 2025 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда төмендеді, пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың **19,5%-ы** кредит алу үшін банкке жүгінді (2025 жылғы 1-тоқсанда 18,4%), кәсіпорындардың 18,6%-ы кредит алды (немесе кредит алуға өтініш бергендердің 95,4%-ы). Кредит беруден бас тарту үлесі пікіртерімге қатысушылардың жалпы санынан 0,9% (кредит алу үшін өтініш бергендердің санынан 4,6%) болды.

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ НАҚТЫ СЕКТОРҒА ЫҚПАЛЫ

Кәсіпорындарды бағалау бойынша борыштық жүктеме*, %-бен

Борыштық жүктеме*	1%-20%	21%-30%	31%-40%	41%-50%	51%-60%	61%-70%	71%-80%	81%-дан жоғары	борыш жоқ
Кәсіпорындар үлесі, %	18,7	11,3	7,0	4,7	3,9	1,9	1,0	1,6	50,0

Орташа өлшемді кредит жүктемесі, %



Өткен тоқсанда қарыз тарту мақсаты, %-бен



2025 жылғы 2-тоқсанда пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың 50,0%-ында **борыш жоқ**. Кәсіпорындардың көбінде (18,7%) борыштық жүктемесі* 20% шегінде. Борыштық жүктеменің орташа арифметикалық өлшемді** мәні **14,8%**-ды құрайды.


Кәсіпорындардың басым бөлігі (**80,0%**) айналым қаражатын қаржыландыру үшін (материалдарды, шикізатты, жартылай фабрикаттарды және т.б. сатып алу), 12,2%-ы – негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу үшін (ғимараттарды, құрылыстарды, көлік құралдарын, жабдықтарды сатып алу және т.б.) кредит тартты. Бизнесті кеңейтуге және қайта қаржыландыруға 2,0% және 1,6% қарыз тартты.

*Ай сайынғы төлем / Өнімді өткізуден түскен кіріс


** Арифметикалық орташа өлшемді – бұл кәсіпорындардың үлесі бойынша өлшемді аралықтың орташа мәні

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ НАҚТЫ СЕКТОРҒА ЫҚПАЛЫ


Баға шарттары




Бағаға қатысты емес шарттар



Теңгемен берілген кредиттер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер



Шетел валютасымен берілетін кредиттер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер




2025 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындарды кредиттеудің баға (кредит бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және бағаға қатысты емес (кредиттің ең жоғары мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар) шарттарына қатысты бағалау жақсарды, әлі де теріс аймақта қалып отыр.

Мониторингке қатысушылар алған кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер теңгемен 17,3%-ды және шетел валютасымен 5,6%-ды құрады (өткен тоқсанда тиісінше 16,9% және 5,9%). Кәсіпорындардың пікірі бойынша, олар үшін теңгемен берілетін кредиттер бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме 7,1%-ды, ал шетел валютасымен берілетін кредиттер бойынша – 3,3%-ды құрайды.

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (СЭҚ)


Өткен тоқсанда СЭҚ жүзеге асыру, кәсіпорындар үлесі %-бен



Есеп айырысуда валютаны пайдалану, кәсіпорындар үлесі %-бен



Қызмет түрі бойынша СЭҚ жүзеге асыру, кәсіпорындар үлесі %-бен




2025 жылғы 2-тоқсанда респонденттердің **26,2%-ы** өз қызметін жүзеге асыру үшін өнімдерді импорттады, **6,3%-ы** экспорттады, **12,4%-ы** өнімдерді экспорттады және импорттады, ал басым көпшілігі (**55,1%**) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырмады. Экспорттаушы кәсіпорындардың ең көп үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібіне (**19,5%**), импорттаушылар – саудаға (**39,9%**) тиесілі. СЭҚ жүзеге асырған кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібінде.

Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда экспорттаушылар АҚШ долларын (**экспорттаушылардың 71,3%-ы**) жиі пайдаланады, импорттаушылар Ресей рублін (**импорттаушылардың 80,4%-ы**) көбірек пайдаланады. Есеп айырысуда пайдаланылатын басқа валюта ретінде кәсіпорындар еуроны, британдық фунт стерлингін, швейцариялық франкті, қырғыз сомын және түрік лирасын көрсетті.

ВАЛЮТА БАҒАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТІҢ ЫҚПАЛЫ


Валюта бағамындағы өзгерістер әсерінің динамикасы, ӨД*



Айырбастау бағамының 2025 жылғы 2-тоқсанда экспорттаушылардың шаруашылық қызметіне әсері




Айырбастау бағамының 2025 жылғы 2-тоқсанда импорттаушылардың шаруашылық қызметіне әсері



2025 жылдың 2-тоқсанында рубль бағамының өзгеруі кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне кері әсерін күшейтті. Экспорттаушы және импорттаушы кәсіпорындарға теңге бағамының рубль мен АҚШ долларына қатысты өзгеруі көбірек кері әсер етті. Кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне мейілінше аз кері әсерді CNY/KZT және еуро бағамының өзгеруінен алады.

* ӨД 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), ДӨ=50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

КОМПОЗИТТІК ОЗЫҒҚЫ ИНДИКАТОР*



2025 жылғы 2-тоқсанда нақты сектор кәсіпорындарының пікіртерімдерін жиынтық бағалау саналатын композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) динамикасы нақты сектордағы экономикалық белсенділік жағдайының біршама жақсарғанын көрсетеді. 2-тоқсанда КОИ 100,5 құрады.

КОИ динамикасына мұнай бағасы, ауыл шаруашылығындағы сұраныстың артуы, шығыны көп кәсіпорындар үлесінің, мерзімі өткен дебиторлық берешегі мен банк займдары бойынша берешегі бар кәсіпорындар үлесінің азаюы оң әсер етті. Салықтық жүктеме және өндірістік қуаттардың жүктелу деңгейінің төмендеуі теріс әсер етті. 2025 жылдың 3-тоқсанында экономикалық белсенділіктің өсімі әлсіз болады деп күтілуде (КОИ күтулер бойынша 100,0 болды).

* Композиттік озыңқы индикатор (КОИ) іскерлік циклдің күрделі жерлерін анықтау үшін қолданылады және экономикалық белсенділік динамикасының жағдайы мен бағыты туралы сапалы ақпарат береді. КОИ кәсіпорындардағы ағымдағы және күтілетін жағдайға қатысты пікіртерімге қатысқан кәсіпорындар басшылары пікірінің жалпылама бағалауын көрсетеді және нақты ЖІӨ динамикасын 1-2-тоқсанға бұрын бағалау қабілеті бар. КОИ құру ЭЫДҰ әдіснамасына негізделген («OECD System of Composite Leading Indicators, Methodology Guideline», OECD 2012).

** 2025 жылғы 3-тоқсанға арналған КОИ көрсеткіштері пікіртерімге қатысатын нақты сектор кәсіпорындарының күтулері негізінде есептеледі.

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптардың қосындысы мен бейтарап жауаптардың жартысы ретінде есептеледі. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпылама индикатор саналады. Егер оның мәні 50 деңгейден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50 деңгейден төмен болса – теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте, диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеру (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
- «Банктер ұсынатын кредиттер бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме» көрсеткіші – мониторингке қатысушы кәсіпорындар өндірістің ағымдағы рентабельділік деңгейіне сүйене отырып, өздері үшін қолайлы деп көрсеткен пайыздық мөлшерлемелердің орташа мәні ретінде есептеледі.
- Қаржылық коэффициент көрсеткіштері тоқсан соңына күтілетін баланс көрсеткіштеріне кәсіпорындар ұсынған бағалар негізінде есептеліп, жалпы алғанда, пікіртерімге қатысқан кәсіпорындар іріктемесі бойынша орташа мәндер түрінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда салалық бөліністе ұсынылады. Сонымен қатар, бұл бағалар мен солардың негізінде есептелген орташа мәндер (есептік көрсеткіш болып табылмайтындықтан) олардың абсолюттік дәлдігін қамтамасыз ету мақсаты көзделмейді. Аталған деректер экономиканың қаржылық емес секторы мен оның жекелеген салаларындағы жағдайдың өзгеру үрдістерін жедел бағалау мен талдау үшін қолданылады.
- Дискриминанттық талдау кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайтын ақпараттық мәні жоғары индикаторларды анықтауға және дағдарыс жағдайының жақындап келе жатқанын бағалауға мүмкіндік береді, осылайша, кәсіпорындарды сенімділік дәрежесіне қарай жіктеуге жағдай жасайды. Кәсіпорындарды топтарға (тұрақты, қалыпты және күрделі) жіктеу функциялары арқылы жүзеге асырылады. Бұл функциялар 3 қаржылық көрсеткішті қамтиды: бір қызметкерге шаққандағы өнім өткізуден түскен табыстың өсу қарқыны, қаржылық тәуелсіздік коэффициенті және меншікті капиталдың өсу қарқыны. Толығырақ мәлімет мына <https://www.nationalbank.kz/file/download/9013> экономикалық зерттеуде.
- Композиттік озыңқы индикатордың (КОИ) нақты ЖІӨ динамикасын 1-2-тоқсан алға бағалау қабілеті бар. КОИ-дің уақыттық қатарлары маусымдық факторлардан тазартылған және тренд компонентін қамтымайды. Яғни, тек қысқамерзімді экономикалық конъюнктураның ауытқуларына негізделген циклдік құрамдас бөлікті ғана қамтиды. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (мөлшерсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.
КОИ жалпы экономиканың нақты секторы бойынша қысқамерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай қасиеттері бар: 1) озыңқы сипаты бар; 2) экономиканың нақты секторы дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) кәсіпорындардың жедел пікіртерімі негізінде қалыптасады.